

**Тартымды және танымды  
психологиялық сабақ**

Қазіргі қоғам ортасында қалыпты өмір сүруді өзгеден үйрене алмайсың, ол әрбір адамның жеке тәжірибесінен алынады. Өзгелермен қарым-қатынас барысында қайталанбас тұлға ретінде қалыптасамыз.

Өмірде, яғни жұмыс барысында немесе жеке өмірінде алуан түрлі тағдырлы, мінезді адамдар кездеседі. Олармен дұрыс қарым-қатынас жасай білу – баға жетпес байлық. Осы байлыққа ие адам қоғамда өз орнын тауып, үйлесімді өмір сүре алады. Болып жатқан жағдайды сол қалпында қабылдап қадірлей біледі. Өзімен де басқамен де жарасымды өмір сүре алатындай тұлға ретінде қалыптаса алады.

Адамдармен қарым-қатынас жасау шеберлігі адамның ішкі мәдениетіне, біліміне, тәрбиесіне байланысты болады десек артық емес. Жұмыс барысында немесе жеке өмірде тиімді қарым-қатынас жасау үшін жағымды эмоция тудыра білу керек.

Осы орайда, құқық қорғау органдары қызметкерлеріне стресске төзімділікті, халықпен ықпалдасу, тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын, кәсіби деформацияның алдын алудың әдістерін, жағымсыз эмоцияларға берілмеуді және менеджмент пен жобалық басқару құралдарын үйрету мақсатында Қазақстан Республикасы ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының Біліктілікті арттыру және қайта даярлау факультетінің тыңдаушыларына психологиялық даярлау бағыты бойынша, КПДЖІОБ кафедрасының оқытушылары онлайн тәжірибелік сабақ өткіздік. Тренинг келесі тақырыптардан тұрды:

1-тақырып – ІІО қызметкерлердің кәсіби деформацияның алдына алу.

2-тақырып – Қарым-қатынас үрдісінде эмоциялармен басқару.

3-тақырып – ІІО қызметкерлерінің кәсіби қызметіндегі мінез - құлықты басқарудың жолдары мен тәсілдері.

Әр тақырып бойынша тиісті жаттығулар өткізілді. Бұл жаттығулар жұмысқа деген құлшынысты арттыруға, өз қарамағындағы қызметкерлермен тиімді қарым-қатынас жасай отырып, ұйымшылдықты нығайтуға, түрлі көңіл-күйде кездескен азаматтарға сыпайы қарым-қатынас үлгісін көрсетуге және күйзелістен арылып, серпілуге бағытталған. Сабақ соңында тыңдаушылар тарапынан жылы лебіздер мен алғыс айтылды.

**Назгул ТУРСУМБАЕВА,  
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы  
Қостанай академиясының  
КПДЖІОБ кафедрасының аға оқытушысы,  
полиция капитаны**

**Әлеуметтік қызметкер қоғамда  
өзін қалай ұстауы тиіс**

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі халықты әлеуметтік қорғау саласындағы әлеуметтік қызметкерлер үшін лауазымдық міндеттерін орындау кезіндегі мінез-құлықтың кәсіби этикасы бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекітті.

Бұл Қазақстан тарихындағы әлеуметтік сала мамандарының жұмысын реттейтін алғашқы құжат, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

«Әдістемелік ұсынымдар қоғам тарапынан әлеуметтік қызметкерлерге деген сенімді нығайтуға және олардың мәртебесін арттыруға, әлеуметтік қызметкерлер мен арнайы әлеуметтік қызметтерді алушылар арасындағы қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, сондай-ақ әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған», делінген хабарламада.

Құжатқа сәйкес, Әлеуметтік әділеттілік, адалдық, гуманизм, құзыреттілік, үздіксіз кәсіби даму және т. б. әлеуметтік қызметкердің негізгі этикалық қағидалары болып табылады. Сондай-ақ, әлеуметтік қызметкерлерге қызмет алушылармен, әріптестермен және қоғамда өзін қалай ұстау керектігі туралы ұсыныстар беріледі.

«Әлеуметтік қызмет көрсету, халықпен тікелей жұмыс істеу – бұл әдістемелік білім мен дағдыларды талап ететін еңбек. Адамдар қиын өмірлік жағдайда оларға жүгінеді, бұл моральдық тұрақтылық пен арнайы кәсіби этиканы қажет етеді. Әлеуметтік қызметкерлердің мінез-құлқы қоғамның сенімін нығайтуы керек. Сапасыз қызмет көрсету мен жанжалды жағдайлардың алдын алу үшін кәсіби этика маман даярлаудың ажырамас бөлігі болуы керек. Сондықтан министрлік UNICEF-пен бірлесіп әлеуметтік қызметкерлердің этикалық мінез-құлқының әдістемелік ұсынымдарын әзірледі және қабылдады», – деп атап өтті ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ерлан Әукенов.

Бүгінгі күні Қазақстанның әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінде 30 мыңнан астам адам еңбек етеді, олардың 11 мыңы – әлеуметтік қызметкер.

**Карантин кезінде заңға қайшы келетіндер баршылық...**

Қостанай облысы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасымен қауіпсіздігін бақылау департаменті баспасөз қызметінің хабарламасына қарағанда, қазіргі кезде жарияланып отырған карантиндік шараларға қарамастан той-тойлап жатқандар, сол сияқты карантин талаптарын басқалай жолмен де бұзушылар баршылық көрінеді.

Мәселен, мобильді топтар рейд жүргізу арқылы 5 шілде мен 2 тамыз аралығында 2 153 нысанды тексерген. Оның ішінде 147 объекті санитариялық-дезинфекциялық режимді бұзған. Оларға сомасы 7 195 020 теңге болатын 147 айыппұл салынды, 1 іс сотқа жіберілді.

«Департаменттің және аумақтық басқармалардың мамандары дәрханаларға да мониторинг жүргізеді. 128 нысан тексеріліп, 26 дәрхананың заң бұзғаны анықталды. Сомасы 4 382 295 теңге болатын 26 айыппұл салынды. 95 азық-түлік дүкені, 5 жанармай стансасы, 2 шаштараз, 2 тұрмыстық техника дүкені, 3 қоғамдық көлік, 3 шина жөндеу пункті, 1 асхана, 3 кафе, 3 авто және а/ш қосалқы бөлшектері дүкені, 1 ТҚС карантин талаптарын сақтамаған. Жітіқара ауданында карантин белгіленген уақыттан бері «Гүлдер» дүкенінің жұмыс істегені анықталды», делінген департаменттің баспасөз хабарламасында.

Бұл мобильді топтарының түрлі нысандарды тексерулері кезінде анықталған заң бұзушылықтар. Ал бүкіл ел қауіпті індеттен қалай қорғанамыз деп түрлі сақтық, шектеу шараларын қолға алып жатқан кезде, оны елеместен той-тойлап жатқандардың бейқамдығы, әрине, алаңдатпай қоймайды. Нақтырақ айтқанда, осы кезеңде Жангелдин ауданында үш ауылдық округте қыз ұзату, беташар рәсімдері өткізілген. Жеке тұлғаларға тиісінше айыппұл салынды. Әрине, мәселе айыппұлда емес, мәселе – мынадай ел басына қиындық туындаған кезеңде теріпті, заңды бұзған той тойлаушылардың өрескел іс-әрекеттері болып тұр. Мәселен, 9 тамызда «Белая юрта» демалыс базасында 60 адамның қатысуымен той жасалған. Жангелдин ауданының Торғай ауылында 30 адамның қатысуымен беташар рәсімі өткен. Сондай-ақ, Қостанай қаласындағы «Арагви» және «Тобыл» мейрамханалары карантин басталғаннан бері қызметін жүзеге асырды», делінген полицияның ақпаратында. Сонымен қатар облыс орталығы мен Рудный қаласында оқшауланған дежурлық пункттерде де моншала рдың қызметі уақытша тоқтатылды.

Карантин кезінде өзінің бас пайдасын ойлап, түрлі жымсықа әрекеттерге баратындар да белгілі болып отыр. Мәселен, өткен шілде айының аяқ кезінде Қостанайда 1000 литр спирт сұйықтығын тасып жүрген азамат ұсталды. Нақтырақ айтқанда,



Қостанай облысы Экономикалық тергеу департаментінің қызметкерлері жедел-іздік шаралары нәтижесінде ҚР ҰҚК шекара қызметі, мемлекеттік кірістер органдарымен өзара бірлесіп, «Газель» маркалы автокөлігін ұстады.

«Көлікті 1991 жылы туған ҚР азаматы басқарған. Автокөлікті тексеру барысында 5 литрлік ыдыстарға құйылған сұйықтық анықталып, тәркіленді. Спирт қосылған сұйықтықтың жалпы көлемі – 1000 литр. Аталған факті бойынша суррогаттық алкоголь өнімін жасауға қатысты тексеру шаралары жүргізілуде», – делінген ведомствоның ақпаратында.

Мемлекеттік кірістер органы «Газель» жүргізушісінің әкімшілікке жауапқа тарту бойынша жұмыс жүргізуде. Сондай-ақ тәркіленген спирт өнімі денсаулық сақтау басқармасының қажеттілігіне жіберілді.

Осы тамыз айының алғашқы күндерінің бірінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі баспасөз қызметінің хабарламасында айтылғанындай, Қостанай облысында медициналық бұйымдарды сатпақ болғандар қолға түсті.

Республикалық 1424 колл-орталығына куәгерлерден «Газель» автокөлігімен медициналық бұйымдарды тасымалдағандар бойынша анонимді қоңырау келіп түскен.

«Сол күні медициналық заттарды әкеліп бара жатқан көлікті Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлері облыс орталығынан шығар жолда ұстады. 16 қоралқа бір рет қолданылатын қолғап тиеген автокөлік ел астанасына қарай бағыт алған, одан әрі тасымалдаушылар тауарды басқа тұлғаға бермек болған көрінеді.

Қораларға барлығы 30 мыңнан астам медициналық қолғап салынған, олардың орташа құны алдын-ала есептеулер бойынша жарты миллион теңгеден асады», – делінген агенттік

хабарламасында.

«Газель» жүргізушісінде жүк тасымалының заңдылығын растайтын қандай да бір құжат болмаған.

Аталған факті бойынша ҚР ҚК-нің 214-бабымен (Заңсыз кәсіпкерлік қызмет) іс қозғалды. Бұл істі облыстың экономикалық тергеу қызметі бақылауына алды.

Жалпы елімізде коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі ҚР Премьер-Министрінің өкімі бар. Соған сәйкес, медициналық және жеке қорғаныш құралдарын елден сыртқа шығаруға тыйым салынған.

Дегенмен шілде айында орын алған тағы бір жағымсыз фактіні алға тарталық. «Қостанай облысы Экономикалық тергеу департаменті қызметкерлерінің жедел-іздік шаралары нәтижесінде шекара бекетінде медициналық қолғаптарды сыртқа тасымалдамақ болған автокөлік ұсталды. Мемлекеттік кірістер органдарының тексерісі барысында көлік иесінде тиісті құжаты болмаған. 41 қорал медициналық қолғап табылды. Барлығы 80 400 дана тәркіленді.

Аталған іс материалдар мемлекеттік кірістер органдарына жіберілді. Жеке тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін ұсыным хат жолданды», делінген Қостанай облысы Экономикалық тергеу департаментінің баспасөз хабарламасында.

Енді медициналық қолғаптарға қатысты шешімді өкілетті органдар шығарады.

Жұртшылық бүкіл әлемге, оның ішінде өзіміздің өңірге де кеңінен таралып, халықтың денсаулығына аса қауіп төндіріп тұрған коронавирусқа қатысты жалған ақпарат таратқан қостанайлық та аразамыздан шығып отыр. Өткен шілде айының соңына таманғы күндердің бірінде облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі таратқан мәліметке сүйенсек, әлеуметтік желіде «халыққа химиялық у шашылып жатқаны» жөнінде жалған ақпарат таратқан әйел анықталған көрінеді. 44 жастағы Қостанай қаласының тұрғыны Instagram желісінде қатерлі індеттің қайдан шыққанын айтып, халыққа химиялық у шашылғанын жария еткен.

«Әйел әлеуметтік желідегі парақшасы арқылы жалған ақпарат таратқан. Оның бейнежазбасы бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізу барысында тексерілді. Қазір оған қатысты ҚР ҚК 274-бабы бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүріп жатыр. Бұл бап қасақана жалған ақпарат тарату қылмысы үшін жазаға тартуды көздейді», – деп хабарлады полиция департаментінің баспасөз қызметі.

**М. БАЙМЫРЗАҰЛЫ**





## Қазақстанда тұңғыш рет Абай күні аталып өтті

Қазақтың ұлы ақыны, ұлттық жазба әдебиетінің және әдеби тілінің негізін салушы, ағартушы Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы 1845 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында дүниеге келген.

Абай Тобықты руының Ырғызбай тобынан тарайды. Ауыл молдасынан оқып жүрген кезінен-ақ зеректігімен көзге түскен ол Семей қаласында 3 жылдық медреседе тәрбие алады. Әжесі Зере, шешесі Ұлжанның тәлімімен жетіледі.

Абайдың әкесі Құнанбай ел басқарған кісі. Оның ұлын оқудан ерте шығарып алуы да – сол ел ісіне араластыру мақсаты еді. Абай тез есейіп, балалықтан да ерте өтіп, жастайынан ел ішіндегі әңгіме, сөз өнерін, билердің шешендік өнеріне құлақ салып, оларды өзінің ерекше талантымен бойына сіңіре білді.

Абай жас кезінен-ақ оқудан қол үзген емес. Бос уақытында қазақтың мәдениетін, араб, парсы, шағатай тілдерін үйренеді. Шығыс әдебиетінің алыптары Низами, Хожа Хафиз, Науаи, Физули секілді ақындарының өлеңін жаттап өседі. Кейін ол орыс әдебиеті мен тілін өзінен үйреніп, орыстың ұлы ойшылдары Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Шедрин, Некрасов шығармаларымен танысады. Сонымен бірге Шекспирдің шығармаларын да оқиды. Соның арқасында дүниетанымын кеңейтіп, білімін шыңдай түседі.

Жасы отыздан асқанда Абай орыс тіліндегі кітаптарды оқуға мықтап кіріседі. Сол тұста Семейге айдалып келген орыс демократтарымен танысады. Ол демократтардың бірі – Михазлис еді. Сонымен қатар 1880 жылдары айдалып келген Долгополов, Леонтьевтермен да танысып, өзі олардан үйрене жүріп, өзі де

оларды халқының салт-дәстүрімен таныстырып, қол ұшын берді. Ақынның шығармашылықпен еркін араласуы 1860 жылдарға сай келеді. Ол кезде Абай өлеңдерін басқа аттармен жариялаған. Тек 1886 жылы «Жаз» деген өлеңінен бастап өз атын қоя бастайды. Ақынның «Жаз», «Күз», «Қыс», «Жазғұтыры» өлеңдерінен бөлек, «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Сегіз аяқ» өлеңдері сол кездегі әлеуметтік жағдайдан молынан хабар береді.

Абайтанудың білгірі, әйгілі «Абай жолы» роман-эпопеясының авторы Мұхтар Әуезов атап көрсеткендей, Абай мұрасының нәр алған рухани үш арнасы: өз халқының мәдени мұрасы мен Шығыс, Батыс елдерінің рухани қазынасы болды. Өсе келе Абай елдегі пайдасыз дау-шардан жерініп, қазақтың жылдар бойы қалыптасып қалған қоғамдық және әлеуметтік мәселелеріне жіті үңіле бастайды. Қазақтың азаттығынан айырылып, итше ырылдасып көрген күніне налиды. «Өздеріңді түзелер дей алмаймын, өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырың» деп басыбайлы бодандыққа байланған халқының мұңын жоқтайды.

Абай өлеңдері бай философиялық, күрескерлік қасиетке ие. Ол ең алдымен қазақтың телегей-теңіз ауыз әдебиетінен сусындап, батырлар жыры мен ғашықтық жырларының үрдісіне мұрагерлік етті. «Ескендір», «Масғұт», «Өзім әңгімесі» - Абайдың шығармашылық мұрасындағы поэмалары да зерттеушілердің назарында. Абай қазақтың өлең үлгісін жаңаша тұрғыдан байыта түсті. Сондықтан Абайды қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы деп атауға болады.

Абайдың ақындық дәстүрін ақынның көзі тірісінде тікелей дамытып, жалғастырған ақын шәкірттері болған. Солардың ішінде ерекше орын алатыны – Абайдың өз балалары. Бұл ретте Абай мектебі жайлы тірісінде тоталитарлықжүйеметіресіпөткен ғалым Қайым Мұхамедханұлының еңбегін ерекше атап өту керек. Совет заманы орнаған кезде Абайды жоққа шығаруға талпынған сұрқия саясат шеңгелі ұлтты ұлы ақынынан да айыруға күш салған болатын. Алайда Мұхтар Әуезовтың ерлігі мен Қайым Мұхамедханұлының қайсарлығы ұлттың ұлы мұраларын саясаттың қиянатынан сақтап қалды.

Абайдың өз заманында ел ісіне бір кісідей араласқанын 1885 жылы мамыр айында Шар өзенінің бойындағы Қарамола деген жерде Семей генерал-губернаторы Цеклинскийдің басқаруымен Семей губерниясына қарайтын 5 уездің 100-ден астам би-болысы бас қосқан төтенше съезінің тарихынан байқаймыз. Осы съезде төбе би болып сайланған Абайға «Семей қазақтары үшін қылмыстық істерге қарсы заң ережесін» әзірлеу міндеті тапсырылды. Абай бастаған комиссия барлығы 93-баптан тұратын ережені 3 күн, 3 түнде әзір етті. Бұл қазақ қауымындағы әдет заңдарына да, патша өкіметінің халықты қанаушылыққа, зорлық-зомбылыққа негізделген заңына да ұқсамайтын, өзгеше құжат еді. Оның, әсіресе, ұрлық, қылмыс пен әйел мәселелеріне арналған баптары ерекше құнды. Бірақ Абайдың беделін өсірген Қарамола съезінен кейін оның қарсыластары көбейіп кетеді. 1890 жылы Байғұлақ, Күнту деген кісілер бастаған 16 атқамінер Жиренше қыстауының шетіндегі Ши деген жерде Абайға қарсы дұшпандық әрекетке сөз байласады. 1891

жылы Оразбай бастаған дау 1897 жылға дейін созылады. Бұл шиеленістің аяғы 1898 жылғы Мұқыр сайлауындағы жанжалға, Абай өміріне қастандық жасауға әкеп соқтырады. Ақын бұл жанжалдың барша жиренішті сырын, өзінің ақ екендігін Сенатқа жазған хатында айғақты деректермен дәлелдеп береді. Ақын ел басқару қызметінде барынша әділ болып, халық қамын ойлаған, «тура биде туған жоқ» қағидатын ұстанған. Ғұмырының соңына қарай пенделік шаруалардан бойын аулақ салып, уақытының көбін шығармашылыққа арнаған.

Абай тек ақын емес, сонымен бірге сазгерекенін де атап өткен керек. Абайдың ән шығармашылығы қазақтың халық музыкасында ерекше орын алады. «Сегіз аяқ», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Желсіз түнде жарық ай» әндері әлі күнге халық жүрегінде. Одан бөлек Абай өзінің шығармашылығында қара сөзге ерекше мән берген. Абай поэзиясының арқауы ғылым, білім, еңбек – осы қара сөздерде жалғасып дамиды.

Ақын 1904 жылы туған жерінде қайтыс болды. Сүйегі Жидебайда қойылды. Қазір сол Жидебайда ақынның өзі тұрған үйде әдеби-мемориалдық мұражайы бар.

Ақынның өз кіндігінен он бала тараған. Бәйбішесі Ділдәдән: Ақылбай, Әкімбай, Әбдірахман, Райхан, Күлбадан, кенже баласы Мағауия. Екінші әйелі Әйгерімнен (Шүкіман) – Тұрағұл, Мекайыл, Ізкәйіл, Кенже. Абайдың үміт күткен талантты балалары: Әбдірахман, Мағауия, Тұрағұл, Мекайыл. Өкелерінің өлеңдерін жатқа айтып, халық арасына таратқан, әнші, домбырашы болған.

Абайдың ақыл-ойынан туған мұрасы-айналып келгенде Алашқа үндес қазақтың ұлттық идеясы еді. Ақынның ұлы жүрегі тоқтағаннан



кейін де Әлихан Бөкейханұлының ақын шығармаларын жинақтап, басып шығаруға күш салуы, Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» деп баға беруі де сондықтан.

Үкімет қаулысымен биыл, Абайдың 175 жылдығында Қазақстанда 10 тамыз – Абай күні деп белгіленді. Яғни жыл сайын осы күнді біз ұлы баба рухын ұлықтап, арнайы мереке ретінде атап өтетін боламыз.

Еске сала кетсек Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылдың 30 мамырында Абайдың 175 жылдық мерейтойын мерекелеу туралы Жарлыққа қол қойған болатын. Ал осы жылдың 21 қаңтарында елордадағы «Астана Опера» опера және балет театрында ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Абайдың 175 жылдық мерейтойының ресми ашылуына арналған салтанатты шарасы өткен болатын.

Сонымен қатар былтыр Ләйлім-Шырақ есімді 9 жастағы оқушының эстафетасын Президент іліп әкетіп, Абайдың өлеңі мен қара сөзін оқу дәстүрі бүгінде жарты әлемге тарап кеткен еді. Арысы АҚШ, Франция мен Жапонияның, бірсіз түркітілдес елдерді өкілдері үн қосқан челлендж әртүрлі сипат алып, дүниенің әр түкпіріндегі ниеттес халықтардың қолдауына ие болды.

## Қазақстанда азық-түлік қай деңгейде өскен

«Жылдық инфляция биылғы жылғы шілдеде 7,1 пайызды құрап, Ұлттық банктің болжамдарына сәйкес қалыптасады. Азық-түлік тауарлары бағасының жылдық өсуі 11,3% болды және инфляцияға негізгі үлесті қосуын жалғастыруда», - деді Е. Досаев Үкімет отырысында биылғы қаңтар-шілдедегі республикалық бюджетті орындау қорытындыларын талқылау кезінде.

Оның сөзіне қарағанда, нан-тоқаш өнімдері мен жармаларда (13,8%), жеміс-көкөніс өнімдерінде (13,4%) өсудің барынша жоғары қарқыны сақталуда. Бұл ретте ет және ет өнімдері бағасының өсу қарқыны біршама баяулады (12,9%).

ҰБ мәліметінше, азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының жылдық өсуі жанар-жағар май (ЖЖМ) бағасының төмендеуі (бензин – шілдеде 0,2%-ке) аясында 5,4% деңгейінде сақталды. Төтенше жағдай кезінде коммуналдық қызмет тарифтерін уақытша төмендету әсерінің біртіндеп жойылуы аясында ақылды көрсетілетін қызмет бағасының жылдық өсуі

3%-тен шілдеде 3,2%-ке дейін артты. Реттелетін коммуналдық қызметтердің тарифтері осы жылғы шілдеде 0,9%-ке өсті.

Келесі айларда жылдық инфляцияның 2020 жылдың соңына дейін 8-8,5% болжамды траекториясы аясында бұдан әрі жылдамдай түсуі мүмкін.

Abai.kz

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының басшылығы, Ардагерлер кеңесі мен ұжымы Ұлы Отан соғысының ардагері, ішкі қызмет майоры және ішкі істер органдарының құрметті ардагері **Даниил Айтмұхаметұлы НАДЫРБАЕВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып туған-туысқандарына көңіл айтады. Оның жарқын бейнесі жүрегімізде әрдайым сақталады.

## ЖОО-ны лигаға бөлу: Министрліктің жоспары қандай

ҚР Білім және ғылым министрлігі ЖОО-ны лигаға бөлу бойынша 4 санатты жариялады, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

«Білім және ғылым министрлігі ЖОО-«шаңсорғыштарды» анықтау саясатын жалғастыруы тиіс. Бұл ретте әділ жұмыс істейтін ЖОО-лар да мемлекеттік бақылаудың қатаң саясатынан зардап шегеді. Осыған байланысты жоғары оқу орындарын лигалар бойынша саралау ұсынысы қолдау тапты, ол бұрын Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында айтылды. Мұндағы бірінші санат – халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті ЖОО-лар. Оларға қойылатын басты критерий ғылыми зерттеулердің жоғары деңгейі болады. Яғни, ғылым білім беру бағдарламаларына үн қосатын және ел экономикасына ықпал ететін университеттер. Мұндай ЖОО-лар 100% академиялық дербестікке ие болады. Оларды мемлекеттік бақылаудан босату да тексеруге алаңдамауға мүмкіндік береді. Толық сенім презумпциясы болады», - деп жазды ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов facebook желісінде.

Министрдің айтуынша, екінші санатта – ұлттық деңгейде бәсекеге қабілетті жоғары оқу орындары болмақ. Оларға да бірінші санаттағы жоғары оқу орындарымен бірдей академиялық еркіндік беріледі және тексерулерден босатылады.

«Үшінші санатқа келсек, барлық өңірлік ЖОО-лар республикалық деңгейде бәсекелесе алмайды, алайда олар өңірлерде қалған студенттерге жақсы білім деңгейін береді және «өздерінің» білім алушыларына қарай бағдарланады. Өңірлік немесе салалық жоғары оқу орындары (үшінші санат) академиялық еркіндіктің үлкен көлемін иеленеді. Бұл ЖОО-лар

тәуекелдерді бағалау жүйесі бойынша ғана тексерілетін болады», - дейді А. Аймағамбетов.

Аталған үш санатқа кірмейтін өзге оқу орындары төртінші санатқа топтастырылады.

«Олар толық көлемде тұрақты мемлекеттік бақылауға алынады, олар үшін осы ЖОО-ларға деген сенім мен сапаның төмен деңгейіне байланысты көптеген талаптар мен нормалар қолданылады. Жоғары оқу орындарын 4 санатқа саралаудың негізінде ЖОО-лардың білім мен ғылымның сапасын арттыру бойынша бәсекелестігі жатыр, ал бәсекелестік, өздеріңіз білетіндей, әрдайым пайдалы болмақ», - дейді ведомство басшысы.

Еске сала кетсек, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық кеңес отырысында жоғары оқу орындарын лигаларға бөліп, бәсекелестікті арттыруды ұсынған еді. Бұған дейін Білім министрі қашықтан немесе аралас оқу түрін таңдау мүмкіндігін енгізуді, – білім беруге бизнес пен өндіріс өкілдерін, шетелдік оқытушыларды тартуды ұсынған еді.

Сонымен бірге, докторанттардың диссертация тақырыбын бекіту мерзімі ұзартылуы мүмкін.

Сонымен қатар, ҚР Білім және ғылым министрлігі жоғары білім ақысын қымбаттатпау үшін дағдарысқа қарсы шаралар пакетін ұсынды.

«Қазіргі уақытта БҒМ мен жоғары оқу орындарының міндеті – білім беру сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз етіп қана қоймай, білім алушыларға қаржылық жүктемені азайту болып отыр. Мен қазірдің өзінде жоғары оқу орындарына оқу құнын көтермеу туралы ұсыныс жасадым, бірақ бұл үшін жоғары оқу орындарына да жағдай жасау керек. Осыған байланысты

дағдарысқа қарсы шаралар пакетін ұсынамыз», - деп жазды министр Асхат Аймағамбетов facebook желісінде.

Ең алдымен, ЖОО-ның ақылы негізде бір білім алушыға ең төменгі шығындарының және грант құнының арақатынасы бойынша талапты жою ұсынылды. Мемлекеттік грант мөлшерін арттыру жағдайында бұл талап жоғары оқу орындарының баға саясатын ақтауға айналмауы керек.

Оған қоса, даярлаудың практикаға бағытталған салалары үшін ғылыми дәреженің міндетті болуы мен штатта жұмыс істеу талаптары жойылады.

«Оқытушылар санының студенттер санына қатынасы туралы талапты жою керек. Білім беруді дамытудың жаңа жағдайларында бұл талап өзекті болмайды. Төртіншіден, қорытынды бақылау жүргізу формасы бойынша талап күшін жойылады. Қаржы, Бухгалтерлік есеп, IT, Меірамхана ісі сияқты салаларда оқу нәтижелеріне қол жеткізу тезіспен емес, нақты практикалық жұмыс дағдылары, демонстрациялық емтихандар немесе жобалар арқылы расталады. Бұл кейбір университеттердегі құр белгі үшін жазылған курстық жұмыстарға да қатысты», - дейді А. Аймағамбетов.

Сондай-ақ, пандемия кезеңінде оқу бітірген соң, бір жылда жұмысқа орналасу туралы талап талдау кезінде ғана ескерілетін болады.

«Одан бөлек, енді біз түлектерді жұмысқа орналастыруды ғана емес, осы түлектердің жаңа жұмыс орындарын ашуын да ескеретін боламыз. Алтыншы ұсыныс, ЖОО иеленуі тиіс материалдық активтердің түрлері бойынша талаптарды қайта қарау керек. Ең бастысы – актив түрлері емес, білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін жағдай жасалуы керек», - деді А. Аймағамбетов.

Бетті жүргізуші Меіраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru